

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма төрағасы – Ректор

**Жансейіт Қансейітұлы Түймебаев мырзаға**

Абай атындағы ұлттық педагогикалық университетінің Басқарма төрағасы – Ректор

**Дархан Нұрланұлы Біләлов мырзаға**

ҚР БҒМ Философия, саясаттану және дінтану институтының директоры

**Серік Тұрарұлы Сейдуманов мырзаға**

**Ауданбек Көбесовтың 90 жылдығына арналған «Ауданбек Көбесов – әл-Фарабидің философ-ойшыл, математик, жаратылыстанушы, педагог екендігінің шынайы бейнесін жасаушы және заманауи білім мен тәрбие» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының**

## **МӘЛІМДЕМЕ – ҰСЫНЫСТАРЫ**

Бытыр ғана атап өтілген Әбу Насыр Әл-Фарабидің 1150 жылдық мерейтойы аясында және соның жалғасы ретінде отандық фарабистика негізін қалаушылардың бірі Ауданбек Көбесовтің 90 жылдығына арналған «Ауданбек Көбесов - әл-Фарабидің философ-ойшыл, математик, жаратылыстанушы, педагог екендігінің шынайы бейнесін жасаушы және заманауи білім мен тәрбие» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның өтуі ғылыми тұрғыдан өте маңызды шара екендігін атап өткен жөн.

Конференция Ауданбек Көбесовтің ғылым мұрасы мен мирасы және фарабитануға қосқан үлесін жан-жақты сарапқа салып, ғалым зерттеулерінің өзектілігін, маңыздылығын көрсетті. Сонымен қатар, Ауданбек Көбесовтің бастамасымен, табандылығымен қолға алынған әл-Фарабидің физика-математикалық, жаратылыстанушылық, педагогикалық мұраларын зерттеу барысының бәсеңсіп кеткенін айтпаққа болмайды. Осы орайда, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде «Әл-Фарабидің математикалық мұралары заманауи білім беру жағдайында» атты тақырып бойынша жүргізіліп жатқан ғылыми-әдістемелік зерттеулер - құптарлық және болашағы зор ғылыми зерттеулер.

Конференцияға қатысушылардың баяндамалары білім беру оқу орындары тарапынан, Әл-Фараби мұрасын оқу орындарына жас ұрпақты ілім-білімге, ғылымның жауһарларына қызықтырып, оларға, рухани, патриоттық білім-тәрбие беру мақсатында енгізу тұрғысынан Ауданбек Көбесовтың зерттеулеріне деген қызығушылықтың жоғары екендігін көрсетті. Осыған орай, оның еңбектерін қайта шығарып тарату мақсатында және ғалымның фарабитанулық зерттеулері туралы жан-жақты ғылыми ізденістерді ары қарай жүргізу мақсатында **Ауданбек Көбесовтың толық еңбектері жинағын** шығаруды ұсынамыз.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ базасындағы әл-Фараби мұрасын зерттеу және насихаттау негізінде дүниетанымның интегралды құндылықтарын қалыптастыратын Фараби орталығымен қатар, онымен, тағы да басқа да Фараби орталықтармен тығыз байланыста болатын, ғұлама бабамыз Әл-Фарабидің мұрасын дәріптеп қана қоймай, оны заманауи білім беру жүйесіне енгізудің ғылыми әдістемелік негіздерін жасау және жас ұрпақты әл-Фараби еңбектері бойынша оқытып тәрбиелеу мәселесін бірінші кезекке қоятын **Әл-Фараби білім беру орталығын** Абай атындағы Қазақ ұлттық университетінде қайтадан ашу қажет.

Туғанына 90 жыл толып отырған, мұсылман шығысы ғылым тарихы мен педагогикасы бойынша көрнекі ғалым, белгілі фарабитанушы, отандық фарабистика негізін қалаушылардың бірі, Әбу Насыр әл-Фарабидің философ-ойшыл, математик, жаратылыстанушы, педагог екендігінің шынайы бейнесін қалпына келтіруші ғалым, профессор **Ауданбек Көбесов** Республикалық «Өнегелі өмір» сериялы кітабына шығуға ылайық және шығаруды ұсынамыз.